

## **Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг қорытындылары бойынша талдау есебі**

### **I. Кіріспе бөлім**

1. Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметі саласының атауы: «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) 2026 жылғы 1-тоқсан қорытындысы бойынша қызметі.

2. Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі жүргізген: Комплаенс-қызметінің басшысы Әсел Сейітжанқызы Жақаева, жұмыс телефоны 8 (7172) 95-56-56 (ішкі 155).

3. Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: 2026 жылғы 31 наурызда басталды, 2026 жылғы 05 сәуірде аяқталды.

### **II. Ақпараттық-талдау бөлімі**

#### **Тексерулер мен ревизиялар жүргізу**

Бақылау кезеңінде мемлекеттік органдар тарапынан Қоғамға қатысты тексерулер немесе аудит жүргізілген жоқ.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 22.12.2025 жылғы №30-12-Н нұсқамасымен жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын көрсету тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша 2026 жылғы 1 шілдеге дейінгі орындау мерзімімен ұсынымдар берілді.

#### **Сыбайлас жемқорлық көріністері немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану жағдайлары туралы өтініштер мен жарияланымдар**

Есепті кезеңде Қоғамға лауазымды тұлғалар мен Қоғам қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері, лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану не алаяқтық әрекеттер туралы мәліметтері бар жазбаша өтініштер, сондай-ақ [senim@kazakhexport.kz](mailto:senim@kazakhexport.kz) сенім электрондық поштасына және 8 (7172) 55 44 70 «Senim» сенім телефонына жолданған өтініштер түскен жоқ.

Мерзімді баспа, телевизиялық және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ), сондай-ақ әлеуметтік желілерде Қоғам мен оның қызметкерлерінің қызметіндегі алаяқтық фактілері, сыбайлас жемқорлық көріністері немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану туралы мәліметтері бар жарияланымдар болған жоқ.

Ағымдағы жылдың 1-тоқсанында масс-медиада Қоғам мен оның қызметі туралы айтылған ескертулердің жалпы саны 710-ті құрады.

Оның ішінде: Қоғам туралы 582 ескерту оң сипатта болды;  
128-сі бейтарап сипатта болды;  
теріс реңктегі жарияланымдар – жоқ.

#### **Құқықтық статистика органдарынан, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардан алынған мәліметтер**

Жүргізіліп жатқан мониторинг шеңберінде ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында Құқықтық қамтамасыз ету және сақтандыру және кепілдік төлемдері департаменттерінің қызметкерлері жүргізген талап-арыз жұмыстары бойынша құжаттар, Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми интернет-ресурстары, «Компра» ақпараттық-анықтамалық сервисінің деректері зерделенді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық істер қозғау және қылмыстық жауаптылыққа тарту жағдайларын анықтаған жоқ.

Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді қозғау фактілері болған жоқ.

Қоғамның, оның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының қатысуымен қылмыстық істер және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот талқылаулары жоқ.

Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуразиялық даму банкі, Дүниежүзілік банк, Transparency International (сыбайлас жемқорлықпен күрес және сыбайлас жемқорлық деңгейін зерттеу жөніндегі үкіметтік емес халықаралық ұйым), FATF (үкіметаралық ұйым – Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес жөніндегі қаржылық іс-қимыл тобы) сияқты халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың интернет-ресурстарында Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністері немесе оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру бойынша операцияларды жүзеге асыруы туралы мәліметтер болған жоқ.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтау**

Мониторинг барысында Басқарма мүшелері қатарындағы лауазымды тұлғалар мен Қоғам қызметкерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында және Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау жағдайлары анықталған жоқ.

Белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау фактілері анықталған жоқ: Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалар мен Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан банктерде шоттары мен салымдарының болуы, Қоғам клиенттермен және қызмет (тауар) жеткізушілермен жасасатын мәмілелер жобаларын қарау кезінде жеке мүдделерін ілгерілету (лоббилеу), жақын туыстары мен жекжаттарының Қоғамда бірлесіп жұмыс істеуі, құпия мәліметтерді жеке мақсатта пайдалану және жария ету туралы ескертулер мен мәліметтер анықталған жоқ.

Қоғам штатына қызметкерлер ретінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған тұлғаларды қабылдау жағдайлары жоқ, бұл Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті қалыптастырған қызметкерлердің электрондық жеке істеріндегі Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық органдары берген тиісті анықтамалардың болуымен расталады.

### **Мүдделер қақтығысының болуы және оны реттеу**

Бақылау кезеңінде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ағымдағы жұмысында мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары байқалған жоқ.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

Ағымдағы жылдың 1-тоқсанында Қоғам қызметкерлеріне 2026 жылғы 26 наурызда онлайн-оқыту арқылы «Жария және корпоративтік сектордағы этика мен парасаттылық» тақырыбында оқыту жүргізілді, оның шеңберінде қызметкерлердің назарына кәсіби қызметтегі парасаттылық, адалдық және сатылмаушылық принциптерінің маңызы, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі құжаттарының негізгі талаптары, соның ішінде мүдделер қақтығысын болдырмау, непотизм, фаворитизм көріністеріне және құқыққа қайшы мінез-құлықтың өзге де нысандарына жол бермеу мәселелері, сондай-ақ этикалық негізделген шешімдер қабылдау тәсілдері, ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібі, Комплаенс-қызметінің бұзушылықтарға мониторинг жүргізудегі рөлі және Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністері туралы құпия хабардар етудің қолжетімді арналары жеткізілді. Оқыту қорытындысы бойынша қызметкерлерге тестілеу жүргізілді.

### **III. Қорытынды бөлім**

Бақылау кезеңінде Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың расталған жағдайлары болған жоқ.

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ағымдағы жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар сақталған.

**Комплаенс-қызметінің басшысы**

**Ә. Жақаева**